Қазақстан Республикасы
ІІМ Басқару академиясы

ХАТТАМА
№ 9
Астана қ.
2026 ж. 29.04.

Академия управления
МВД Республики Казахстан

ПРОТОКОЛ
№ 9
г. Астана
29.04.2026 г.

Қатысты:

1 Ж.Р. Дильбарханова, (Ғылыми кеңес төраға), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясы (бұдан әрі - Академия) бастығы, з.ғ.д., профессор, полиция полковнигі;

2 А.Г. Кан (төрағасы орынбасарының), басшы құрамды даярлау факультетінің бастығы, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі;

3 С.М. Иманғали, Қазақстан Республикасы ІІМ Жеке құраммен жұмыс жөніндегі департаменті ведомстволық білім беруді ұйымдастыру басқармасының бастығы полиция подполковнигі;

4 А.Б. Айтуарова, Академияның Ғылыми кеңесінің ғалым хатшы, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі;

5 К.Е. Аблезов, жоспарлау және бақылау бөлімінің бастығы полиция полковнигі;

6 А.Ж. Жаксылыков, жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі;

7 Ж.Ш. Кусаинов, ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бастығы полиция полковнигі.

8 Н.К. Сейтжанова, Академияның оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы философия докторы (PhD) полиция полковнигі;

9 Н.К. Бектурсунов, қоғамдық және пенитенциарлық қауіпсіздік факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), полковник;

10 Э.А. Алимова, ғылыми-зерттеу институтының бастығы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі;

11 Е.М. Хакимов, ғылыми-зерттеу институты бастығының орынбасары, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), полиция подполковнигі;

12 Д.Ж. Рахметов, Ұлттық ұланың қызметтік-жауынгерлік іс-қимыл кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), полковник;

13 Е.М. Баймуханов, жалпы даярлық кафедрасының бастығы, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, полиция полковнигі;

14 И.С. Приходько, арнайы даярлық кафедрасының профессоры, философия докторы (PhD), полиция полковнигі;

15 А.К. Искаков, қылмыстық-атқару жүйесінің қызметтік қызметі кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі;

16 А.М. Кусаинова, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің докторанты, полиция подполковнигі.

Себепті қатыспағандар:

1 О.Т. Сейтжанов (төрағасы орынбасарының), бастығының орынбасары, з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі - басқа қызметке ауысты;

2 О.Р. Цой, басшылық құрамды даярлау факультетінің бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі - басқа қызметке ауысты;

3 Д.А. Абеуов басшы құрамды даярлау факультетінің бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі - басқа қызметке ауысты.

Отырысты Ж.Р. Дильбарханова, Академия бастығының міндетін атқарушы, полиция полковнигі.

Ж.Р. Дильбарханова кворумды анықтады (ғалым хатшы, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі А.Б. Айтуарованың баяндамасы негізінде).

А.Б. Айтуарова: Бүгінгі таңда тізім бойынша 16 адам, себебі жоқ, 16 адам бар. Осылайша кворум жиналды.

Тексеріледі:

- келу парағының болуы (бар болса, қатысқандардың барлығы қол қойды);
- Ғылыми кеңестің шешімдері жобасының болуы (берілген);
- Ғылыми кеңестің материалдары (барлығында бар);
- отырыс өткізудің шарттары мен форматы туралы айтылды.

Күн тәртібі жарияланады (Ғылыми кеңестің барлық мүшелері күн тәртібімен таныстырылды):

1. Ғылыми кеңес құрамына өзгерістер енгізу туралы. Баяндамашы: А.Б. Айтуарова.

2. «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 826-бабын (жекеше ұсыну) қолдану» жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды талқылау. Баяндамашы: М.К. Жунусова.

Күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу ұсынылады. Баяндамашылар: Н.К. Бектурсунов, А.М. Жусипбекова.

Күн тәртібі дауыс беруге шығарылады (Ғылыми кеңестің барлық мүшелері таныста, барлығының қолында).

Ж.Р. Дильбарханова: Қарсылық болмаса, дауыс беруге көшуіңізді сұраймын.

Ж.Р. Дильбарханова, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 15, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

1 Ж.Р. Дильбарханова: Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге көшу туралы ұсыныс жасайды «Ғылыми кеңес құрамына өзгерістер енгізу туралы».

ТЫҢДАЛДЫ: А.Б. Айтуарова, ол осы мәселе бойынша ақпарат ұсынды (экрандағы материалды көрсету).

Құрметті төраға, Ғылыми кеңес мүшелері, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі №157 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

ұйымдарын алқалы басқару органдарының жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын», сондай–ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 29 мамырдағы №446 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі–Академия)* Жарғысының 28, 29-тармақтарын және штаттық өзгерістерді басшылыққа ала отырып, Ғылыми кеңестің құрамына келесі өзгерістер енгізу ұсынылады:

1 Ғылыми кеңес құрамынан:

– О.Т. Сейтжанов, төраға орынбасары, з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі - басқа лауазымға ауысуына байланысты шығаруды;

– Д.А. Абеуов, басшы құрамды даярлау факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі – басқа лауазымға ауысуына байланысты шығаруды;

– О.Р. Цой, басшылық құрамды даярлау факультетінің бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі – басқа лауазымға ауысуына байланысты шығаруды;

2 Ғылыми кеңес құрамына енгізуді:

– А.Г. Кан, басшы құрамды даярлау факультетінің бастығы, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі;

– Е.М. Баймуханов, жалпы дайындық кафедрасының бастығы, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі;

– И.С. Приходько, арнайы дайындық кафедрасының профессоры, философия докторы (PhD), полиция полковнигі;

– А.К. Искаков, қылмыстық-атқару жүйесі қызметі кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі.

3 Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары міндеті Академиясының басшы құрамды даярлау факультетінің бастығы, полиция полковнигі А.Г. Кан жүктелсін.

Егер толықтырулар немесе ұсыныстар болса, мен оны енгізуді сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: Ж.Р. Дильбарханова: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма?

Ж.Р. Дильбарханова: Ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер қарсылық болмаса, дауыс беруге көшуіңізді сұраймын.

Ж.Р. Дильбарханова, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 16, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Ғылыми кеңестің құрамына енгізілетін өзгерістер мақұлдансын және бекітілсін.

3. А.Б. Айтуароваға бұйрық дайындап, мүдделі тұлғаларды таныстыру тапсырылсын.

Жауапты: А.Б. Айтуарова, орындау мерзімі: 2026 жылғы 03 мамырға дейін.

2 Ж.Р. Дильбарханова: Келесі мәселені талқылауға көшеміз: «Применение статьи 826 (частное представление) Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях».

ТЫҢДАЛДЫ: М.К. Жунусова, ол осы мәселе бойынша ақпарат ұсынды (экрандағы материалды көрсету).

Құрметті төраға, Ғылыми кеңес мүшелері, бүгін мен сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 826-бабында көзделген жекеше ұйғарым институтын қолдану тәжірибесін, ішкі істер органдарының құқық қолдану қызметін ескере отырып жүйелеу мақсатында ІІМ Басқару академиясы әзірлеген «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 826-бабын (жекеше ұйғарым) қолдану» атты әдістемелік ұсынымдарды ұсынамын.

Әдістемелік ұсынымдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау барысында анықталған құқық бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларға ден қоюдың іс жүргізу нысаны ретінде жекеше ұсынуды қолдану мәселелеріне арналған. Бұл институт заңдылықты нығайтуға, ІІО қызметінің тиімділігін арттыруға және қайталама құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған профилактикалық қызметтің маңызды элементі болып табылады.

Ұсынымдардың негізгі мақсаты — құқық қолдану практикасының тиімділігін арттыру, жекеше ұсынуды шығару, рәсімдеу және орындау бойынша бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету, сондай-ақ әкімшілік іс жүргізудің профилактикалық бағыттылығын күшейту.

Әдістемелік ұсынымдарда мына мәселелер егжей-тегжейлі ашылған:

- жекеше ұсынудың әкімшілік іс жүргізу аясындағы іс жүргізушілік әсер ету шарасы ретіндегі құқықтық табиғаты мен мәні;
- ІІО-ның жекеше ұсыну шығару негіздері мен шарттары;
- жекеше ұсынуды дайындау, рәсімдеу және жолдау тәртібі;
- жекеше ұсыну мазмұнына қойылатын талаптар, оның ішінде міндетті деректемелер, анықталған себептер мен жағдайларды сипаттау және оларды жою жөніндегі шараларды тұжырымдау;
- жекеше ұсынуды қарау мерзімдері және қабылданған шаралар туралы жауап беру тәртібі;
- жекеше ұсынудың орындалуын бақылау және қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау;
- анықталған себептер мен жағдайларды жою бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының ерекшеліктері;
- жекеше ұсынуды шығару және орындау кезіндегі құқық қолдану тәжірибесіндегі кездесетін қателіктер және оларды жою жолдары.

Жеке назар әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесіндегі жекеше ұсынудың рөліне, оның құқық қолдану органдары мен мемлекеттік басқару субъектілері арасындағы кері байланыс тетігі ретіндегі маңызына, сондай-ақ құқық бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларға ықпал ету механизмдеріне аударылған.

Әдістемелік деңгейде жекеше ұсыну тиімділігін бағалау тәсілдері жүйелендірілген, оның ішінде қабылданған шаралардың нәтижелілігі өлшемдері және қайталама әкімшілік деликтіліктің төмендеу көрсеткіштері қамтылған.

Әдістемелік ұсынымдар жоғары практикалық маңызға ие және ҚР ӘҚБК-нің 826-бабы бойынша бірыңғай құқық қолдану тәжірибесін қалыптастыруға бағытталған. Ол әкімшілік іс жүргізудің профилактикалық функциясын нығайтуға және құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайларын жою бойынша мемлекеттік органдардың жұмыс сапасын арттыруға ықпал етеді.

Материал Қазақстан Республикасының құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдары қызметкерлерін қызметтік даярлауда, біліктілікті арттыру жүйесінде, сондай-ақ ведомстволық оқу орындарының тыңдаушыларын оқыту барысында қолданылуы мүмкін.

Әдістемелік ұсынымдарды жариялауға және пайдалануға мақұлдауларыңызды сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: Ж.Р. Дильбарханова: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа кеңесінің отырысында ескертулер болды ма?

М.К. Жунусова: Иә, ескертулер біз тарапымыздан қабылданып, түзетілді.

Ж.Р. Дильбарханова: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер қарсылықтар болмаса, дауыс беруге өтуді ұсынамын.

Ж.Р. Дильбарханова, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 16, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Жариялауға және пайдалануға мақұлдансын:

– Қ.О. Карабеков, М.К. Жунусова және т.б. Әдістемелік ұсынымдар «Применение статьи 826 (частное представление) Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях».

Жауаптылар: Э.А. Алимова, Е.М. Хакимов, К.О. Карабеков, М.К. Жунусова.

3. Әртүрлі

3-1 Бұдан әрі **Ж.Р. Дильбарханова** «Әртүрлі» бөлімінің бірінші мәселесіне көшуді ұсынып, келесі мәселені қарауды ұсынды: «7М12101, 7М12102 «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру» ғылыми-педагогикалық және бейіндік магистратурасының жұмыс оқу жоспарларын бекіту туралы».

ТЫҢДАЛДЫ: Н.К. Бектурсунов, аталған мәселе бойынша ақпарат ұсынды (материал экраннан көрсетілді).

Құрметті төраға, Ғылыми кеңес мүшелері, бүгін мен сіздердің назарларыңызға жұмыс оқу жоспарларын ұсынамын.

7М12101, 7М12102 «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру» арналған жұмыс оқыту жоспарларын әзірлеу туралы.

Осы жұмыс оқыту жоспарларының мақсаты – қоғамдық қауіпсіздік саласында заманауи басқару дағдыларына ие магистранттарды дайындау. Бітіретіндер бөлімдердің қызметін тиімді ұйымдастыруды, жедел жағдайларда басқарушылық шешімдер қабылдауды, сондай-ақ аналитикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді үйренеді.

Білім беру бағдарламасы екі негізгі бағытта іске асырылады: ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыт.

Жұмыс оқыту жоспарларының мазмұны стратегиялық ойлау қабілетін, күштер мен құралдарды басқару дағдыларын, қызметтік-жауынгерлік іс-шараларды ұйымдастыру, құқықтық қамтамасыз ету, сонымен қатар қоғамдық қауіпсіздікке қауіп-қатерлер мен тәуекелдерді талдауды қалыптастыруға бағытталған.

Бұл жоспарларды жүзеге асыру ұлттық ұлан бөлімдеріне жоғары білікті мамандарды даярлауға, басқарушы құрамның кәсіби әлеуетін арттыруға және ведомстволық білім беру жүйесінің ғылыми-әдістемелік базасын нығайтуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Ғылыми кеңес мүшелерінен екі негізгі бағыт — ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша іске асырылатын білім беру бағдарламаларының әзірленген жұмыс оқу жоспарларын мақұлдап, бекітулеріңізді сұраймыз.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: Ж.Р. Дильбарханова: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Бұл жұмыс оқу жоспарлары да Лицензияға қосымша алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетіне жолдана ма?

Н.К. Бектурсунов: Иә, солай.

Ж.Р. Дильбарханова: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер қарсылықтар болмаса, дауыс беруге өтуді ұсынамын.

Ж.Р. Дильбарханова, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 16, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

ШЕШІМ:

1 Ақпарат назарға алынсын.

2 7М12101, 7М12102 «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру» ғылыми-педагогикалық және бейіндік магистратурасының жұмыс оқу жоспарлары мақұлдансын және бекітілсін.

3 Н.К. Бектурсуновқа Лицензияға қосымша алу үшін құжаттарды бақылауға алу тапсырылсын.

Жауаптылар: Н.К. Сейтжанова, А.Г. Кан, Н.К. Бектурсунов.

3-2 Бұдан әрі **Ж.Р. Дильбарханова** келесі мәселені қарауды ұсынды: «Оқу-әдістемелік материалдарды баспаға ұсыну туралы».

ТЫҢДАЛДЫ: А.М. Жусипбекова, ол осы мәселе бойынша ақпарат ұсынды (экрандағы материалды көрсету).

Құрметті төраға, Ғылыми кеңес мүшелері, сіздердің назарларыңызға «Исследование доказательств в досудебном производстве: сравнительно-правовой анализ законодательства Республики Казахстан и Российской Федерации» тақырыбындағы монографиям бойынша ақпаратты ұсынамын.

Ұсынылып отырған монография қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізудегі дәлелдемелерді зерттеу институтын кешенді зерттеуге арналған. Жұмыс кіріспеден, сегіз параграфты қамтитын үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұратын дербес ғылыми зерттеу болып табылады.

Бұған дейін монографияға заң ғылымдарының докторы, профессор М.Ш. Қоғамов (рецензент) тарапынан бірқатар ескертулер көрсетілген рецензия

берілген болатын. Қазіргі уақытта барлық ескертулер жойылды, ұсынымдар ескерілді және оң рецензия алынды. Екінші рецензия да дәл солай оң сипатта.

Монография ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарға сай келеді, теориялық пысықталуының жоғары деңгейімен, ғылыми жаңалығымен және практикалық бағыттылығымен ерекшеленеді.

Ғылыми кеңес мүшелерінен «Сотқа дейінгі іс жүргізудегі дәлелдемелерді зерттеу: Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының заңнамасына салыстырмалы-құқықтық талдау» атты монографияны таратуға және Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының ғылыми және білім беру қызметінде пайдалануға ұсынуды сұраймын.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Ғылыми кеңес мүшелерінен «Исследование доказательств в досудебном производстве: сравнительно-правовой анализ законодательства Республики Казахстан и Российской Федерации» атты монографияны жариялауға және пайдалануға мақұлдап, бекітулеріңізді сұраймын.

Ж.Р. Дильбарханова: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер қарсылықтар болмаса, дауыс беруге өтуді ұсынамын.

Ж.Р. Дильбарханова, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 16, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

Ж.Р. Дильбарханова: Егер қарсылықтар болмаса, келесі баяндамашы мен материалға көшеміз.

ТЫҢДАЛДЫ: А.Б. Мусин, ол осы мәселе бойынша ақпарат ұсынды (экрандағы материалды көрсету).

Құрметті төраға, Ғылыми кеңес мүшелері, сіздердің назарларыңызға «Проактивный подход в оперативно-розыскной деятельности органов внутренних дел Республики Казахстан» тақырыбындағы монографиям бойынша ақпаратты ұсынамын.

Соңғы жылдары елдегі қылмыстылық айтарлықтай өзгерді. Дәстүрлі құқық бұзушылықтармен қатар, қылмыстық, экстремистік және экономикалық әрекеттерді біріктіретін күрделі құрылымдар қалыптасты. Олар цифрлық технологияларды, криптовалюталарды және жасырын байланыс арналарының мүмкіндіктерін белсенді пайдаланып, заңды ортаға бейімделіп отыр. Осындай жағдайда ішкі істер органдарының қызметі әлі де көбіне жасалған құқық бұзушылықтарға жауап беруге бағытталған. 2022 жылғы Қаңтар оқиғалары қауіптерді алдын ала анықтау тетіктерінің жеткіліксіздігін көрсетті. Сонымен бірге, қызметті бағалаудың қазіргі жүйесі нәтижеден гөрі көрсеткіштерге басымдық беріп, нақты қауіптерді анықтауға кедергі келтіреді.

Осы мәселелерді ескере отырып, монографияда жедел-іздестіру қызметін жаңаша ұйымдастыру қажеттігі негізделеді. Негізгі идея — реактивті тәсілден проактивтік тәсілге көшу. Бұл тәсіл құқық бұзушылықтың салдарымен күресуге емес, оның алдын алуға бағытталған. Яғни ықпал ету объектісі — әрекет емес, оның пайда болу себептері мен уәждері.

Жұмыста жедел қызметтің жаңа моделі ұсынылады. Бұл модельде талдау негізгі орын алады: ол жағдайды бағалайды, ықтимал өзгерістерді болжайды және алдын алу шараларын ұсынады. Осы тұрғыда цифрлық құралдарды пайдалану,

соның ішінде ашық дереккөздермен жұмыс (OSINT), деректерді талдау (Big Data) және жасанды интеллект мүмкіндіктері қарастырылады.

Монография екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде жедел-іздестіру қызметінің қазіргі жағдайы, оның шектеулері және жаңа тәсілдің мәні талданады. Екінші бөлімде практикалық мәселелер қарастырылады: заманауи технологияларды қолдану, қылмыстық құрылымдардың осал тұстарын анықтау, ақпараттық ықпал ету әдістері және ұшқышсыз аппараттарды құқықтық реттеу.

Зерттеу нәтижесінде қазіргі модельдің жаңа қауіп-қатерлерге толық сәйкес келмейтіні анықталды. Осыған байланысты проактивтік тәсіл тиімді балама ретінде ұсынылады. Ол икемділікке, жедел әрекет етуге, жағдайға бейімделуге және нақты жауапкершілікке негізделеді.

Сонымен қатар, қызметті бағалаудың жаңа өлшемдері ұсынылған. Оларға ақпараттың сапасы, қылмыстық топтардың құрылымы мен қаржылық негізі туралы мәліметтер, сондай-ақ алдын алу шараларының тиімділігі жатады. Жедел қызметте болжау элементтерін қолдану мүмкіндігі көрсетілген.

Монографияда қылмыстық желілердің әлсіз тұстарын анықтауға бағытталған тәсілдер ұсынылады. Ақпараттық-психологиялық ықпал ету шаралары жедел міндеттерді шешудің құралы ретінде қарастырылады. Ашық дереккөздерді пайдаланудың кезеңдік алгоритмдері әзірленген. Сонымен қатар, ұшқышсыз аппараттарды қолдануды құқықтық тұрғыдан реттеу қажеттігі негізделеді.

Зерттеу нақты деректерге негізделген. Республика бойынша 450-ден астам жедел қызметкерге сауалнама жүргізіліп, қылмыстық істер мен талдамалық материалдар зерделенді. Пайдаланылған дереккөздер саны — 168.

Ұсынылған тәсілдің практикалық маңызы жоғары. Ол жедел қызметті қазіргі жағдайға бейімдеуге және оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Монография материалдары қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау барысында қолдануға ұсынылады.

Басылым жедел-іздестіру қызметі саласындағы мамандарға, оқытушыларға және зерттеушілерге арналған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Ғылыми кеңес мүшелерінен «Проактивный подход в оперативно-розыскной деятельности органов внутренних дел Республики Казахстан» тақырыбындағы монографияны жариялауға және пайдалануға мақұлдап, бекітулеріңізді сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: Ж.Р. Дильбарханова: Жарияланғаннан кейін барлық еңбектеріңізді Академия кітапханасының қорына міндетті түрде тапсырыңыздар. Бұл барлық авторларға, сондай-ақ ғылыми зерттеу тақырыптарын зерттеу барысында алынған барлық нәтижелерге қатысты.

Э.А. Алимова: Иә, қабылданды. Жұмыс жүргіземіз.

Ж.Р. Дильбарханова: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер қарсылықтар болмаса, дауыс беруге өтуді ұсынамын.

Ж.Р. Дильбарханова, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 16, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

ШЕШТІ:

1 Ақпарат назарға алынсын.

2 Жариялауға және пайдалануға мақұлдансын, ұсынылсын:

– А.М. Жүсіпбекова. Монография: «*Исследование доказательств в досудебном производстве: сравнительно-правовой анализ законодательства Республики Казахстан и Российской Федерации*»;

– А.Б. Мусин. Монография: «Проактивный подход в оперативно-розыскной деятельности органов внутренних дел Республики Казахстан».

3 Э.А. Алимоваға және Е.М. Хакимовқа бақылауды қамтамасыз ету тапсырылсын.

Жауаптылар: Э.А. Алимова, Е.М. Хакимов, Ж.Ш. Кусаинов, А.М. Жүсіпбекова, А.Б. Мусин.

ТЫҢДАЛДЫ: Ж.Р. Дильбарханова: Құрметті әріптестер, отырыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер толық қаралды. Сұрақтар, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер толықтырулар болмаса, мен ғылыми кеңестің отырысын жабық деп жариялаймын.

Академияның Ғылыми кеңесінің төраға
заң ғылымдарының докторы,
профессор
полиция полковнигі **Ж.Р. Дильбарханова**

Академияның Ғылыми кеңесінің
ғалым хатшысы
заң ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор (доцент)
полиция полковнигі **А.Б. Айтуарова**